

Май аудандық Қоғамдық кеңестің отырысының № 4 ХАТТАМАСЫ

Көктөбе ауылы

2025 жылғы 14 сәуір

Қоғамдық кеңес төрағасы: Жанарбек Теміржанов

Қоғамдық кеңес төрағасы:

Құрметті қоғамдық кеңес мүшелері және кеңеске қатысушылар!

Май аудандық Қоғамдық кеңеске Қоғамдық кеңес мүшелері және аудандық «Шамшырақ» газетінің өкілі, сонымен қатар тиісті бөлім басшылары мен мамандары қатысып отыр. Қоғамдық кеңес өз жұмысын бастауға құқылы.

Қоғамдық кеңес төрағасы:

Қоғамдық кеңес отырысын ашу жөнінде қандай ұсыныстарыңыз бар? Ашылсын деген ұсыныс түсті. Онда Қоғамдық кеңес отырысы ашылсын дегендеріңіз қолдарыңызды көтеріп дауыс берулеріңізді сұраймын. Түсірулеріңізді өтінемін. Қарсы, қалыс жоқ. Рахмет. Қоғамдық кеңес отырысын ашық деп жариялаймын.

Қоғамдық кеңес төрағасы: Құрметті Қоғамдық кеңес мүшелері! Қоғамдық кеңестің күн тәртібі алдарыңызда, сіздердің назарларыңызға ұсынылып отырған күн тәртібіндегі қаралатын сұрақ бойынша алып-қосарларыңыз бар ма? алып -қосарларыңыз болмаса, күн тәртібі бекітілсін дегендеріңіз қолдарыңызды көтеріп дауыс берулеріңізді сұраймын. Түсірулеріңізді өтінемін. Қарсы, қалыс қалған жоқ. Қоғамдық кеңес отырысының күн тәртібі бекітілді.

Қоғамдық кеңес отырысының регламентін бекітіп алуымыз керек баяндамашыларға 10-15 минут, жарыссөзбен хабарлама жасаушыларға 3-5 минутке дейін сөз беріледі. Қоғамдық кеңес отырысын үзіліссіз 1 сағат ішінде аяқтауымыз керек

Қоғамдық кеңес отырысының регламенті бекітілсін дегендеріңіз қолдарыңызды көтеріп дауыс берулеріңізді сұраймын, түсірулеріңізді өтінемін қарсы- қалыс жоқ регламенті бекітілді.

Қоғамдық кеңес төрағасы:

Енді күн тәртібіндегі мәселені қарауға көшейік.

Бірінші сұрақ бойынша:

1. Жұмысшыларға Семей ядролық сынақ полигоны туралы заңда қызметкерлерге жалақыға қосымша төлемақы 1,5 АЕК және 10 тәулік ақылы еңбек демалысына қосымша төлемдер туралы

Сөз баяндамашы Май аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Шырын Қайырбекқызына беріледі

III. Қайырбекқызы (баяндамасы хаттамаға қоса беріліп отыр)

Қоғамдық кеңес төрағасы: Баяндама аяқталды, баяндамшыға сұрақтарыңыз бар ма?

Сұрақ: Теміржанов Жанарбек полигон сынағынан зардап шеккендерге жәрдем ақы тек куәлік арқылы беріледі ма?

Жауап: Шырын Қайырбекқызы 10 бапта аталған адамдар 1965 жылдардан бастап 1990 жылға дейінгі мерзімде полигон аумағында тұрып және максималдық аймақта тұру ретіне байланысты бір реттік өтемақы төленеді

Сұрақ: Теміржанов Жанарбек полигон куәлегі жоғалып қалған болса өтемақы ала алмайды ма?

Жауап: Шырын Қайырбекқызы полигон куәлігін қалпына келтіруге болады оның өзінің рет бар

Сұрақ: Темірғалинов Ақылбек Қалиақпарұлы 13 бапқа сәйкес 18.02.1992ж Семей ядролық сынақ полигоны туралы заңға сәйкес жұмысшыларға туралы заңда қызметкерлерге жалақыға қосымша төлемақы 1,5 АЕК және 10 тәулік ақылы еңбек демалысына қосымша неге төленбейді?

Жауап: Шырын Қайырбекқызы біздің мекемеде барлық жұмысшыларға айтылған төлемақы төленеді

Сұрақ: Көшербай Қуанышұлы Мұстафин мүгедектігі бар адамдарға жеңілдетілген интернет жүйесін 50пайыз көлемінде болса да ондай бағдарламалар бар ма?

Жауап: Шырын Қайырбекқызы ондай бағдарлама жоқ

Сұрақ: Ермек Бағдатұлы Смаканов Инвотакси қызметі ауданда жұмыс істейді ма? Негізі болуы керек ғой

Жауап: Шырын Қайырбекқызы Инвотакси ауданда қызмет көрсетпейді себебі тұрғындардан Инвотаксиге тапсырыс түскен жоқ

Сұрақ: Ермек Бағдатұлы Самаканов Атаулы әлеуметтік көмек алу үшін 3 айлық кірісті сұрайды, кейбір адамдар түсінбейді, сол кірісті сұрату міндетті түрде ма?

Жауап: Шырын Қайырбекқызы тоқсан сайынғы кіріс саналады ол еңбекақы болсын немесе алимент тағы басқадай кірістер болса

Қоғамдық кеңес төрағасы: Енді осы баяндалған есеп бойынша шешім қабылдауымыз керек, келесідей шешім жобасы ұсынылып отыр:

ШЕШІМ ЖОБАСЫ

Қазақстан Республикасы Қоғамдық кеңестер туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 01 қаңтардағы 13-бап. Май аудандық қоғамдық кеңес **ШЕШТІ:**

1. Май аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Шырын Қайырбекқызының Жұмысшыларға Семей ядролық сынақ полигоны туралы заңда қызметкерлерге жалақыға қосымша төлемақы 1,5 АЕК және 10 тәулік ақылы еңбек демалысына қосымша төлемдер туралы есебі назарға алынсын

Қоғамдық кеңестің төрағасы



Ж. Теміржанов

Қоғамдық кеңес төрағасы:

1. Екінші сұрақ бойынша: Аудан бойынша дәрігерлерге қандай жағдай жасалған?. Адам папиллома вирусы вакцинациясын егу қашанға жоспарланған. Есепте тұрған науқас адамдарға уақытылы және толық дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету мәселесі туралы

Сөз баяндамашы Павлодар облысының денсаулық сақтау басқармасы ЖШҚ Май аудандық ауруханасы КМК басшысының орынбасары Рымгүл Қабылбекқызы Құсайыноваға беріледі

Р. Қ. Құсайынова: (баяндамасы хаттамаға қоса беріліп отыр)

Қоғамдық кеңес төрағасы:

Баяндама аяқталды, баяндамашыға сұрақтарыңыз бар ма?

Сұрақ: Көшербай Қуанышұлы Мұстафин Бакасова балалар медбибісі 0,75 ставкада істейді ол зейнетке кетеді. Меденова 0,25 ставкада жұмыс атқарып жүр Бакасова зейнетке кеткен соң сол орынды толықтай Меденоваға берсе болады ма екен?

Жауап: Рымгүл Қабылбекқызы Құсайынова ставка бала санына байланысты бөлінеді

Сұрақ: Ақылбек Калиакпарұлы Темиргалинов бала саны қанша болуы керек норма бойынша медбибі 1 ставканың еңбек ақысын алу үшін төрт қызмет атқаруы керек істейді ма?

Жауап: Рымгүл Қабылбекқызы Құсайынова Бозша елді мекеніндегі медпункт жабылуы мүмкін себебі нормаға сай адам саны жеткіліксіз 50 адамнан аз.

Сұрақ: Динара Ақылжанқызы Дарабаева адам папиллома вирусы вакцинациясын егу қашанға жоспарланған, және ол ақылы ма?

Жауап: Рымгүл Қабылбекқызы Құсайынова адам папиллома вирусы вакцинасы план бойынша 11-13 жастағы 70 қыз балаға егілді, бұл бірінші сатысы ғана,

Сұрақ: Динара Ақылжанқызы Дарабаева бұл вакцинаны үлкен адамдарға тегін алуға болады ма?

Жауап: Рымгүл Қабылбекқызы Құсайынова Бұл вакцина тек 11-13 жастағы қыз балаларға ғана тегін, үлкендерге ақылы бірақ ол вакцинаны біздің аудандық

ауруханада үлкендерге салынбайды, қалада поликлиникаларға барып ақылы түрде салғызуға болады

Сұрақ: Гультар Малайсары және Ақшыман ауылдарындағы медицина қызметкерлеріне қандай жағдай жасалған?

Жауап: Рымгүл Қабылбекқызы Құсайынова Малайсарыдағы дәрігер терапевтке үй алып беруші едік ол өзі бас тартты, қазіргі таңда біреудің үйіне қоныстанды. Ақшыман ауылындағы медбрат сол мекеменің ішінде тұруда өзі ұсынысы бойынша


Қоғамдық кеңес төрағасы: Енді осы баяндалған есеп бойынша шешім қабылдауымыз керек, келесідей шешім жобасы ұсынылып отыр:

ШЕШІМ ЖОБАСЫ

Қазақстан Республикасы Қоғамдық кеңестер туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 01 қаңтардағы 13-бап. Май аудандық қоғамдық кеңес **ШЕШТІ:**

2. Павлодар облысының денсаулық сақтау басқармасы ЖШҚ Май аудандық ауруханасы КМК басшысының орынбасары Рымгүл Қабылбекқызы Құсайынова Аудан бойынша дәрігерлерге қандай жағдай жасалған? Адам папиллома вирусы вакцинациясын егу қашанға жоспарланған. Есепте тұрған науқас адамдарды уақытылы және толық дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету мәселесі туралы баяндамасы назарға алынсын

Қоғамдық кеңестің төрағасы



Ж. Теміржанов

Қоғамдық кеңес төрағасы:

1. **Үшінші сұрақ бойынша:** Аудан бойынша шабындық, жайылым жерлердің жетіспеушілігі жер мәселелері туралы

Сөз баяндамашы Май аудандық жер қатынастар бөлімінің басшысы Айдар Бауыржанұлы Мағауов

А. Б. Мағауов: (баяндамасы хаттамаға қоса беріліп отыр)

Қоғамдық кеңес төрағасы:

Баяндама аяқталды, баяндамашыға сұрақтарыңыз бар ма?

Сұрақ: Теміржанов Жанарбек Аққулы ауданына тиесілі жер телімі біздің Малайсары ауылының жерінде 2000 гектар жері бар. Май ауданында шабындық жерлердің жетіспеушілігі бар. Сол шабылмай игерілмей отырған Аққулы ауданының жерін неге біздің аудан тұрғындарына бермеске. Оны қалай шешуге болады?

Жауап: Айдар Бауыржанұлы Мағауов анықтап көру керек. Аққулы ауданына әкімшілікті арқылы ұсыным жасауға болса жолдарын қарастырайық. Біз

ол жерге байланысты акті шығара алмаймыз құқығымыз жоқ. Жер басқару департаменті арқылы Аққулы ауданы әкімдігіне ұсыным жолдай аламыз.

Сұрақ: Теміржанов Жанарбек Жердің жалға алу мерзімін созу үшін құжат рәсімдегенде неге түгел құжаттарды ауыстыру керек жердің мөлшеріде ешқандай өзгеріс болмаса, тек ғанға Акт ауыстырса болмайды ма? қаншама қаражат төлеп құжатты қайта істегенше.

Жауап: Айдар Бауыржанұлы Мағауов 5 жылдан соң жердің проектісін және мемлекеттік актіні өзгерту керек норма бойынша, Басқарма департамент арқылы ұсыныс жасап көруге болады бірақ оны шешу біздің қолымызда емес.

Сұрақ: Көшербай Қуанышұлы Мұстафин егілген және пайдаланымаған жерлер бойынша ақпарат жинап малдың басына қанша гектар жер тиесілі екенін анықтауға болады ма?

Жауап: Айдар Бауыржанұлы Мағауов Мал басына 1 қара малға 7 гектар жер тиесілі, біз ветеринария бөліміне сұраныс жіберіп мал басына шаққанда қанша болатыны туралы есептейміз. Жерді тексеруге тек инспекцияның ғана құқығы бар біз Жер қатынастары меншік иелеріне барып жерін тексетре алмаймыз, біздің құзіретімізден алып тастады.

Сұрақ: Көшербай Қуанышұлы Мұстафин КХ «Бекбаев, Вектор Вижн» алған жерлері нормадан асқан 14 мың гектар жерді құрайды ол жерді қайтарып алуға болмайды ма?

Жауап: Айдар Бауыржанұлы Мағауов ол жер заңды түрде рәсімделгендіктен оны тартып алу біздің құзыретімізге жатпайды, департамент инспекциясы құзыретінде келіп тексеріс жасай алады.

ЗХУ ол инвестициялық жоба. Жайылым, егістік аулдың тұрғындарын тыңдап алмай оны осы жобаны жасай алмаймыз. Елді мекен жері, суармалы жайылым жерлер

Сұрақ: Көшербай Қуанышұлы Мұстафин жер қазу заңды ма?

Жауап: Айдар Бауыржанұлы Мағауов Май агромен соттасып жерді қоршау үшін қазуға болмайды.

Сұрақ: Ақылбек Калиакпарұлы Темірғалинов Жер комиссиясы өткенде 2 адамның бір жерге берген өтінімін қарағанда оны ұпайлар арқылы шешеді, егер олардың ұпайлары тең болған жағдайда ол қалай шешімін табады? Сыбайлас жемқорлыққа апару тәуекелі болуы мүмкін ғой

Жауап: Айдар Бауыржанұлы Мағауов ол жерде ауыл әкімдерінің пікірі тыңдалады, кімнің сол жерді игеруіне мүмкіндігі бар соның еншіне шешіледі


Қоғамдық кеңес төрағасы: Енді осы баяндалған есеп бойынша шешім қабылдауымыз керек, келесідей шешім жобасы ұсынылып отыр:

ШЕШІМ ЖОБАСЫ

Қазақстан Республикасы Қоғамдық кеңестер туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 01 қаңтардағы 13-бап. Май аудандық қоғамдық кеңес **ШЕШТІ:**

2. Май аудандық жер қатынастар бөлімінің басшысы Айдар Бауыржанұлы Мағауовтың Аудан бойынша шабындық, жайылым жерлердің жетіспеушілігі жер мәселелері туралы баяндамасы назарға алынсын

Қоғамдық кеңестің төрағасы




Ж. Теміржанов

Қоғамдық кеңес төрағасы: Құрметті Қоғамдық кеңес мүшелері мен қатысушылар! Май аудандық Қоғамдық кеңестің күн тәртібіне қойылған мәселелер толығымен қаралды. Құрметті Қоғамдық кеңес мүшелері кеңесте қаралған мәселелер мен қабылданған шешімдер туралы жергілікті жерде халықты хабардандыруды сұраймын.

Осымен Қоғамдық кеңес жабық деп жариялаймын.

Қатысқандарыңызға рахмет.

Қоғамдық кеңес төрағасы:



Ж. Теміржанов